**2022- 2023 оқу жылына арналған**
**Айнакөл жалпы орта білім беретін мектебі бойынша психологиялық қызметтің аналитикалық жылдық жұмысы туралы талдау есебі**

1.Білім беру ұйымы туралы ақпараттық анықтама: 1-11 сынып оқушылар саны: 49 оқушы
2. Білім беру ұйымының психологиялық қызметі туралы ақпараттық анықтама:
Міндеттері:

- Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;
- оқу процесінде баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;
- білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу болып табылады;
- әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық проблемаларын еңсеруге және деструктивті мінез-құлық нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу қиындықтарына бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде беру арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге әмбебап оқу дағдыларын қалыптастыру мен қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады;

3. Мектептегі психологиялық қызметтің негізгі бағыттары:
Психологиялық диагностика.

Мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлғааралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу, жан-жақты толық мүмкіндіктерін ашу.

Психологиялық алдын алу.

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау, алдын алу шараларын ұйымдастыру.

Психологиялық коррекциялық дамыту.

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуындағы кездескен келеңсіздіктерді теңестіру, түзету жұмыстары, жалпы оқу дағдысы мен біліктілік деңгейін арттыру.

Психологиялық кеңес беру.

Мақсаты: Педагогкикалық үрдіске қатынасушылардың барлығына дамыту, оқыту, тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңестер беру.

Психологиялық ағарту.

Мақсаты: Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың психологиялық мәдениетін көтеріп, психологиялық білімге жұмылдыру шараларын ұйымдастыру.

**Психологиялық диагностика.**

Баланың оқуға психологиялық дайындығын анықтау мақсатында 1- сынып оқушыларымен «Керн Йирасек» тесті (Адамның суретін салу; Сөздер көшірмесі; Нүктелер көшірмесі) алынып, нәтижесі шығарыллды. Оқушылардың таным процестері қалыптасып, есте сақтау, қабылдау, зейіні, ойлаулары өте жақсы дамыған. Балалар мектепке дайын екендігі анықталды. Баланың ерік саласындағы даму деңгейін анықтау бойынша «Графикалық диктант» (Д.Б.Эльконин)әдістемесі алынды. Балалардың кеңістікте бағдар таба білулері «орташадан жоғары» деп бағаланды. «Мектепте маған не ұнайды?» (Г.Н.Лусканова) әдістемесі бойынша оқушыларда оқудағы және дамудағы динамикасы оң нәтиже көрсетті. Мектеп дезадаптациясының көрсеткіші анықталған жоқ. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін анықтау бойынша таным процестері яғни, зейін, есте сақтау, қабылдаулары анықталды. Оқушылардың жеке қасиеттері мен тұлғалық мотивациялық аймағын анықтау мақсатында «Баспалдақ» әдістемесі (В.Г.Щур) бойынша оқушылар өзін- өзі адекватты және жоғары бағаланғаны анықталды. Төмен бағалаған оқушы анықталған жоқ. Сынып жетекшілерге ұсыныстар берілді. Танымдық процестері мен тұлғалық мотивациялық аймағын анықтаубойынша нәтижесі шығарылды. Төмен деңгей анықталған жоқ. Бастауыш сынып оқушыларының орта буында оқуға дайындығын диагностикалау нәтижесі бойынша төменгі денгей анықталған жоқ. Оқушылардың жалпы интеллектуалдық дамуына ары қарай да көңіл бөлу

ұсынылды. Оқушылардың жеке қасиеттері мен тұлғалық ерекшеліктерін анықтау мақсатында 5- сынып оқушыларының оқу үрдісіне бейімделуін анықтау сауалнамасы жүргізілді, нәтижесінде оқушылар оқу үрдісіне бейімді екені анықталды. Сынып жетекшісіне көңіл- күй, сезім, жалқаулық жайлы ағарту, түсіндірме жұмыстарын жүргізу жайлы кеңес берілді. «Филлипстің мектептегі мазасыздану тесті» әдістемесі нәтижесі орташа- 50%, төмен- 50% деп анықталды. Ұсыныс ретінде оқушыларды бақылау, жаднама ретінде кеңес беру. «Тұлғаның психологиялық күйін анықтау»сұрақнамасы (Г.Айзенк) әдістемесі оқушылардың бойындағы үрей, фрустрация, агрессия, икемсіздік зерттелді, нәтижесінде оқушыларды бақылау, мазасыздықтан арылту жаттығуларын орындау, баланы үйірме, секцияларға қатыстыру, қоғамдық жұмыстарға белсене араластыру кеңестері берілді. «Оқушылардың оқу түрткісінің көрсеткішін анықтау» тест; «Оқушының оқу түрткісінің құрылымын диагностикалау» тесті нәтижесінде орташа- 80,9%; төмен- 19,1% көрсетті. Сынып жетекшіге түрткілер туралы толық ақпарат беру, мектепте оқу себептері жайлы әңгіме жүргізу, оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын түрлі әдіс- тәсілдерді пайдалана отыру арттыру, білімнің болашаққа қажеттілігі жайлы іс- шаралар ұйымдастыру туралы ұсыныс берілді. «Пәнге көзқарас» әдістемесі нәтижесінде педагогикалық кеңесте пән мұғалімдерін алынған диагностика бойынша пайыздық көрсеткіштермен таныстырылды, ұсыныстар берілді. «Ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділікті анықтау» тест- сұрақнамасы бойынша қорытынды жасалды. Нәтижесінде жоғары-5,5%; орташа-22,2%; төмен-38,9%; өте төмен- 33,3% көрсетті. Нәтижесі бойынша оқушылармен ғаламтор мен компьютерлік ойындар жайында түсіндірме жұмыстар, тәрбие сағаттарын ұйымдастыру, балаларды үнемі қадағалау, компьютерде отыратын уақыт мөлшерін белгілеу, оның орындалуын қатаң талап ету, баламен жиі әңгімелесу, күнделікті мәселелерді өздігінен шешуге икемдеу ұсыныстар берілді. Темпераментті анықтау сауалнамасы нәтижесінде 5-сынып оқушыларында сангвиник- 87,7%; флегматик- 14,3%; 1- сынып оқушылары бойынша холерик- 50%; сангвиник- 50% көрсеткіш көрсетті. Оқу мен тәрбие үрдісінде оқушылардың темперамент типін ескеру ретінде ұсыныс берілді. Жеткіншектің сыныппен қарым- қатынасын бағалау әдістемесі нәтижесінде «Ұжымдық тип»-42,8%; «Прагматикалық тип»-14,4% өсеткішін көрсетті. Сынып жетекшіге индивидтің топты қабылдауының типтерімен танысу, жұмыс барысында ескеру ұсынылды. Социометрия әдістемесі бойынша сынып лидері, таңдаулылар, оқшауланған оқушылар анықталды. Сынып жетекшісіне оқушылардың бір- біріне деген достық қарым- қатынасты нығайту мақсатында іс- шаралар, сынып сағаттарын

өткізу, мәдениет орындарына сыныппен бару ұсынылды. Жасөспірімдердің эмоционалдық- еріктік аймағын анықтау бойынша «Невротизация деңгейін анықтау» (Л.Вассерман)әдістемесі алынды. Нәтижесінде төменгі деңгей- 44,4%; орташа деңгей- 44,4%; жоғары деңгей- 11,2% көрсеткішін көрсетті. Невротизация жоғары көрсеткен оқушымен әңгіме жүргізу, себебін анықтау, кеңес беру, баланы назарда ұстау ұсынысы берілді. «Суицидтік бағыттылықты анықтау» әдістемесі жүргізілді. Нәтижесі бойынша оқушыларда қалыпты деңгей анықталды. Жасөспірімдердің тұлғалық ерекшеліктерін анықтау бойынша «Құндылық бағдар» әдістемесі (М.Рокич) нәтижесінде оқушыларда жеке тұлға бағдары айналадағы қоршаған ортаға бейім, басқаларға қатынасы, өзіне деген көзқарастары шынайы жақсы. Құндылық жүйесі қалыптасқан. «Тұлғалық сауалнамасы» (Г.Шмишек) жүргізілді. Нәтижесінде «Эмотивті тип»- 13,3%; «Тежеуші тип»- 13,3%; «Гипертимді тип»- 33,3%; «Демонстративті тип»- 6,7%; «Циклотимді тип»- 6,7%; «Экзальтацияланған тип»- 20%; «Мазасыз тип»- 6,7% көрсеткішін көрсетті. Жасөспірімдердің кәсіби бағдарлануын анықтау бойынша «Танымдық қызығушылықтың диагностикасы» (А.Е.Голомшток) әдістемесі алынды. Нәтижесінде айқын бейнеленген қызығушылық- 9 оқушыда, бейнеленген қызығушылық- 2 оқушыда ангықталды. «Дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы» әдістемесі нәтижесінде «Адам- адам»-45,5%; «Адам белгілер жүйесі»- 9%; «Адам -техника»- 45,5% көрсеткішін көрсетті. Мамандыққа, кәсіби бағдарға байланысты ағарту жұмыстарын жүргізу ұсынылды. «Тұлға типтерін анықтау» (Дж. Холланд) нәтижесінде реалистік тип-20%; әлеуметтік тип-20%; конвенциалды тип- 10%; тапқыр тип- 50%; әртістік тип-10% анықталды. Оқушыларға тұлғалық типтер түрлерін толық ашып түсіндіру, кеңес беру ұсынылды.

**Қорытынды.** Жүргізілген диагностикалық жұмыстардың нәтижесі толық шығарылып, ұсыныстар берілді. Қолданылған әдістемелер оқушылардың оқуға психологиялық дайындығын, танымдық процестерін, жеке қасиеттері мен тұлғалық мотивациясын, жеке қасиеттері мен тұлғалық ерекшеліктерін, эмоциялық- еріктік аймағын, кәсіби бағдарлануын нақты және толық анықтауға мүмкіндік береді деп қорытынды жасауға болады. Дегенмен, болашақта диагностикалық әдістерді диагностикалаудың тиімділігін арттыру үшін толықтырулар қажет.

**Психологиялық коррекциялық дамыту.**

Балалардың оқуға психологиялық дайындығын түзету- дамыту бойынша зейінді дамыту және түзетуге «Графикалық диктант», ес процесін дамыту және түзетуде «Сөздер жұбы», ойлау процесін дамыту және түзетуде «Не

артық?» жаттығулары жүргізілді. Оқушылардың тұлғалық- мотивациялық аймағын түзету жұмыстары бойынша қорқыныш сезімінен арылуға және өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар өткізілді. Жеткіншектердің тұлғалық ерекшеліктерін дамыту және түзетуде агрессияға қарсы жаттығулар, «Арт- терапия» жұмыстары, «Ертегі терапия» әдісі, Медитация жаттығулары мен релаксация қолданылды. Оқушылармен психокоррекциялық жұмыс психологиялық түрде дұрыс дамыған балаларға да, сонымен қатар оқу барысында, мінез – құлқында қандай да бір күрделі психологиялық мәселелері байқалатын балаларға да бағытталына алады. Алғашқы жағдайда дамытушы жұмыстың басым қолданылуы, ал екінші жағдайда – түзету (коррекциялық) жұмысының орындалуы жоспарланады. Толық әрі жан – жақты ұйымдастырылған түзетуші – дамытушы жұмыстың негізгі принципі – оқушыға ықпал етудің тұтастығы болып табылады.

**Қорытынды.** Оқушылармен өткізілген топтық дамыту жұмыстары өте табысты деп санауға болады. Сонымен қатар, ол білім, бағдарламалар құрылымы мен әдіснамалық жабдықтардағы кейбір кемшіліктерді анықтады, осылайша даму іс-шараларын одан әрі жетілдіруге арналған негізгі бағыттарды анықтады. Келесі оқу жылында топтық жұмысқа қатысуға ынталандыру, қиындықтарды және олардың себептерін талдау, түзету және дамыту жұмыстарын түзету қажет.

**Психологиялық кеңес жүргізу.**

Жеткіншектерге психологиялық кеңес беруде 5-8 сынып оқушыларына «Жеткіншекке жаднама», «Өз- өзінді қорғаудың 8-тәсілі» тақырыбында жаднама таратылып, кеңес берілді. ҰБТ-ға психологиялық дайындық ретінде «Мектеп бітірушілерге емтихан тапсыруға дайындық бойынша ақыл- кеңес»; «Емтихан қарсаңында»; «ҰБТ-ға қатысу»; «Мектеп бітірушіге тестке қатысты психологиялық кеңес»; «Емтиханға дайындықты дұрыс ұйымдастыру туралы психологиялық кеңес»; «Тестті сәтті орындау үшін не қажет» тақырыптарында кеңес берілді. Кәсіби бағдарлау мәселесі бойынша «Жеке психологиялық кәсіби кеңес беру картасы»; «Мамандық таңдаудағы негізгі мотивтер»; «Мамандық таңдаудағы ең кең таралған қателіктер»; «Таңдалған шешімге жеті қадам»; «Мамандық таңдау бойынша ата- аналарға арналған жаднама» атты психологиялық кеңес жүргізілді. Ата- аналармен «Баланың мектептегі оқуға психологиялық дайындығы»; «Балалардың қорқыныш, үрей сезімінен арылту бойынша психологиялық кеңес»; «Баланың зейін ерекшеліктерін дамыту»; «Баланың қабылдау, ес процесінің ерекшеліктерін дамыту»; «Ойлаудың логикалық формасын дамыту» тақырыптарында жұмыстар ұйымдастырылып өткізілді. Педагогтерге «Баланы мектептегі оқуға психологиялық дайындау»; «Оқушыларды

мазасызданудан арылту бойынша психологиялық кеңес»; «Оқушының зейін ерекшеліктерін дамыту»; «Оқушының қабылдау процесінің ерекшеліктерін дамыту»; «Оқушының ес процесінің ерекшеліктерін дамыту»; «Ойлаудың логикалық формасын дамыту»; «Баланың өзіне сенімділігін дамыту»; «Педагогтерге арналған 20 кеңес» атты психологиялық кеңес берілді.

**Қорытынды.** Тұтастай алғанда берілген кеңестік жұмыс тиімдірек болып, барлық қажетті міндеттерін шешуге мүмкіндік береді деп санауға болады. Сондай-ақ, оқушылар мен ата-аналар, педагогтер тарапынан кеңес алу үшін сұраныстардың мүлде болмауына назар аудару қажет. Барлық кеңес беру жұмыстары психологтың ұйымдастырылуы арқылы өткендіктен, болашақта жағдайды талдау және анықтау қажет. Келесі оқу жылында біз ата-аналармен қарым-қатынасымызды күшейтуіміз керек.

**Психологиялық ағарту.**

Психологиялық- педагогикалық сүйемелдеуді өткізу туралы ата- аналарды және де заңды өкілдерін орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы бұйрық №377 25.082022ж таныстырылды, сонымен қатар, аталған қағида бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу үрдісін психологиялық сүйемелдеу бойынша «Кел, танысайық»; «Алақай! Мен оқушымын»; «Мектеп өмірінің ережесі»; «Мектепке не үшін барамыз?»; «Менің досым- мектеп портфелі»; «Мені жақынырақ таны»; «Бірге жұмыс істеуге үйренеміз»; «Біздің сынып- бұл біз!»; «Мектептегі көңіл- күй»; «Бірінші сынып оқушысы болу қандай керемет» тақырыптарында психологиялық тренингтер өткізілді. Бесінші сынып оқушыларының орта буынға өтуіне байланысты бейімделу бағдарламасы негізінде атқарылатын жұмыстар: «5-ші сынып дегеніміз не?»; «Өзіңді таны»; «Орта мектептегі жаңа оқушы»; «Біз бір- бірімізді түсінеміз бе?»; «Сезім әлемі»; «Біздің мұғалімдеріміз»; «Дос іздеп жүрмін»; «Біз және біздің сынып». Оқушылардың мінез- құлқын қоршаған ортаға бейімделуге арналған тренинг- сабақтар 10- сынып оқушыларымен өткізілді. ҰБТ-ге және емтиханға дайындық бойынша жоғары сынып оқушыларымен «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?»; «Емтихан кезінде стрестен қалай арыламыз?»; «Емтихан кезінде стрессті жеңілдету»; «Жүйке жүйесіне түсетін күштен психологиялық арылу әдісі»; «Емтихандағы өз-өзіне сенімділік»; «ҰБТ-ға білім алушыларды психологиялық тұрғыда дайындау»; «Емтиханға психологиялық әзірлену»; «ҰБТ-ға психологиялық дайындық» тақырыптарында тренинг сабақтар жүргізілді. Жасөспірімдердің өзіне- өзі қол жұмсауы мәселесі бойынша оқушылар «Өмірді сүйе білейік» тақырыбында эссе жазды, «Мен өмірді таңдаймын» тақырыбында тренинг,

«Күйзеліс және оның алдын алу жолдары» атты ағарту жұмысы жүргізілді. Аутодеструктивті мінез- құлықтың (суицидке бейімділік) алдын алуда «Пікірталас- жанжал емес»; «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?»; «Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту»; «Мен өзімді мақтай аламын»; «Күйзелістен қалай құтылуға болады?»; «Реніштен арылу»; «Ой, сезім,мінез- құлық»; «Қалай сұрауға болады?»; «Менің құқықтарым»; «Қиын жағдайлардан не үйренеміз?»; «Толеранттылық (төзімділік) деген не?» психологиялық сабақтар өткізілді. Кәсіби бағдар бойынша «Менің болашақ мамандығым» дөңгелек үстел, «Мамандық өмір таңдауы» атты тренинг жүргізілді. Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық –зомбылықтың, құқықбұзушылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу бойынша оқушылармен «Қатыгездік пен зорлық- зомбылықсыз балалық шаққа арналған сенім телефоны» диалог- әңгіме, «Буллинг дегеніміз не?», «Кибербуллинг дегеніміз не және ол неге қауіпті?», «Адамның жыныстық қол сұғылмаушылығы мен жыныстық бостандығына қарсы қылмыстар үшін қолданылатын қылмыстық жауапкершіліктер туралы», «Ұл мен қыздың арасындағы достық қарым- қатынас» пікір- алмасу, «Жүктілік қуаныш немесе трагедия. Бізді қырыққабаттан тапқан жоқ», «Хабарласыңыз! Көмектесеміз!» ашық әңгіме, «Ғаламтордағы қауіпсіздік» тақырыптарында іс- шаралар жүргізілді. Ата- анамен психологиялық алдын алу және ағарту жұмысы бойынша «1-ші сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі» дәріс, «Балада агрессияның көрінуі» семинар- тренинг, «Бастауыш сынып оқушыларының зейінін дамыту» жиналыс-практикум, «Бастауыш сынып оқушыларының қабылдау, ес, ойлау процесінің ерекшеліктері», «Бала қорқынышы» семинар, «Отбасы махаббаты неде?» тренинг, «5- сыныптағы бейімделу кезеңінің қиындықтары», «Жасөспірімдік кезеңдегі суицидтік әрекет себептері» баяндама, «Балаларды маскүнемдіктен, есірткіден, шылым шегуден қалай қорғауға болады?», «Жасөспірім жастар жайлы ата- аналар не білу керек?», «Жасөспірімнің «жауына» айналмас үшін онымен қарым- қатынасыңыз қандай болу керек?», «Көмектесу үшін не істеуге болады?», «Суицидтік мінез- құлықтың алдын алу» тақырыптарында түрлі іс- шаралар өткізілді. Педагогтермен психологиялық алдын алу және ағарту жұмыситары бойынша «Жасөспірімдік кезеңдегі суицидтік әрекет себептері» баяндама, «5- сынып оқушыларында кездесетін қиын жағдайлар», «Жеткіншектер кезеңінде туындайтын қиындықтар» семинар- тренинг өткізілді.

**Қорытынды.** Білім беру қызметінде тәрбиені жүзеге асыру сапалы және табысты деп санауға болады. Сонымен қатар, келесі сұрақтарға назар аудару керек: әдістемелік және ақпараттық жабдықтардың толықтығы, сондай-ақ ақпаратты ұсыну тәсілдерін жетілдіру. Өткізілген іс- шаралар тиімді нәтиже береді деп үміттенемін.

«Күйзеліс және оның алдын алу жолдары» атты ағарту жұмысы жүргізілді. Аутодеструктивті мінез- құлықтың (суицидке бейімділік) алдын алуда «Пікірталас- жанжал емес»; «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?»; «Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту»; «Мен өзімді мақтай аламын»; «Күйзелістен қалай құтылуға болады?»; «Реніштен арылу»; «Ой, сезім,мінез- құлық»; «Қалай сұрауға болады?»; «Менің құқықтарым»; «Қиын жағдайлардан не үйренеміз?»; «Толеранттылық (төзімділік) деген не?» психологиялық сабақтар өткізілді. Кәсіби бағдар бойынша «Менің болашақ мамандығым» дөңгелек үстел, «Мамандық өмір таңдауы» атты тренинг жүргізілді. Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық –зомбылықтың, құқықбұзушылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу бойынша оқушылармен «Қатыгездік пен зорлық- зомбылықсыз балалық шаққа арналған сенім телефоны» диалог- әңгіме, «Буллинг дегеніміз не?», «Кибербуллинг дегеніміз не және ол неге қауіпті?», «Адамның жыныстық қол сұғылмаушылығы мен жыныстық бостандығына қарсы қылмыстар үшін қолданылатын қылмыстық жауапкершіліктер туралы», «Ұл мен қыздың арасындағы достық қарым- қатынас» пікір- алмасу, «Жүктілік қуаныш немесе трагедия. Бізді қырыққабаттан тапқан жоқ», «Хабарласыңыз! Көмектесеміз!» ашық әңгіме, «Ғаламтордағы қауіпсіздік» тақырыптарында іс- шаралар жүргізілді. Ата- анамен психологиялық алдын алу және ағарту жұмысы бойынша «1-ші сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі» дәріс, «Балада агрессияның көрінуі» семинар- тренинг, «Бастауыш сынып оқушыларының зейінін дамыту» жиналыс-практикум, «Бастауыш сынып оқушыларының қабылдау, ес, ойлау процесінің ерекшеліктері», «Бала қорқынышы» семинар, «Отбасы махаббаты неде?» тренинг, «5- сыныптағы бейімделу кезеңінің қиындықтары», «Жасөспірімдік кезеңдегі суицидтік әрекет себептері» баяндама, «Балаларды маскүнемдіктен, есірткіден, шылым шегуден қалай қорғауға болады?», «Жасөспірім жастар жайлы ата- аналар не білу керек?», «Жасөспірімнің «жауына» айналмас үшін онымен қарым- қатынасыңыз қандай болу керек?», «Көмектесу үшін не істеуге болады?», «Суицидтік мінез- құлықтың алдын алу» тақырыптарында түрлі іс- шаралар өткізілді. Педагогтермен психологиялық алдын алу және ағарту жұмысытары бойынша «Жасөспірімдік кезеңдегі суицидтік әрекет себептері» баяндама, «5- сынып оқушыларында кездесетін қиын жағдайлар», «Жеткіншектер кезеңінде туындайтын қиындықтар» семинар- тренинг өткізілді.

**Қорытынды.** Білім беру қызметінде тәрбиені жүзеге асыру сапалы және табысты деп санауға болады. Сонымен қатар, келесі сұрақтарға назар аудару керек: әдістемелік және ақпараттық жабдықтардың толықтығы, сондай-ақ ақпаратты ұсыну тәсілдерін жетілдіру. Өткізілген іс- шаралар тиімді нәтиже береді деп үміттенемін.

**Әдістемелік ұйымдастыру.**

Әдістемелік жұмыс келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

Оқу жылының басында жылдық жоспар құрылып, бекітілді. Қолданылатын диагностикалар әзірлемесі дайындалып АББ бекітілді. Кітапханамен, аудан мектептері педагог- психологтарымен тығыз байланыста болып іс-тәжірибемен алмасуға қатысып отырдым. ZOOM арқылы ұйымдастырылған конференцияларға, семинарлар мен вебинарларға қатысып отырдым. Атап өтетін болсам:

1. Даму, түзету және білім беру бағдарламаларын әзірлеу. Биылғы оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижелері: а) жазу бағдарламаларына арналған материалдарды іріктеу, талдау және жүйелеу; б) топтық және жеке түзеу және дамыту жұмыстарын бағдарламалау; в) оқушыларға сабақ сағаттарын әзірлеу; г) ата-аналық жиналыстарда сөз сөйлеу бағдарламаларын әзірлеу және жазу; е) диагностикалық әдістердің деректер базасын құру.

2. Диагностикалық нәтижелерді өңдеу және талдау, оқушыларға, мұғалімдерге және ата-аналарға ұсыныстар дайындау

3. Балаларды дамыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша әдебиеттерді талдау

4. Мұғалім-психологтың құжаттамасын рәсімдеу

**Қорытынды.** Болашақта, іс-әрекеттерді талдау негізінде, қолданыстағы бағдарламаларды жетілдіру және білім беру процесіне қатысушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жаңаларын әзірлеу қажет. Сонымен қатар, педагогикалық кадрлармен өзара әрекеттесу бағдарламаларын дамытуға көбірек назар аудару қажет.

5. Оқу жылындағы қызмет бағыттары бойынша жиынтық кестелер
**Бағыттар бойынша қызмет нәтижелерін жалпылама талдау**
(сандар - сандық талдау, тақырыбы-мазмұнды бөлім)

| Қызмет бағыттары | Оқушылар | | Педагогтер | | Ата- аналар | | Әкімшілік | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Саны | Тақырыбы | Саны | Тақырыбы | Саны | Тақырыбы | Саны | Тақырыбы |
| Диагностика | 22 | 1.«Баспалдақ» әдістемесі | | | | | | |
| | 8 | 2.Оқу үрдісіне бейімделуін анықтау | | | 15 | 1.Ата- ана мен бала арасындағы қарым- қатынас | | |
| | 2 | 3.Керн Йирасек | | | | | | |
| | 9 | 4.Невротизация деңгейін анықтау | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 4 | 5.Ашуланшақ-тық деңгейін анықтау | | | | | | |
| | 10 | 6.«Құндылық бағдар» әдістемесі | | | | | | |
| | 25 | 7.СБА әдістемесі | | | | | | |
| | 8 | 8.Филлипс әдістемесі | | | | | | |
| | 19 | 9.Ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділік сұрақнамасы | | | | | | |
| | 4 | 10.Тұлғаның психология-лық күйін анықтау | | | | | | |
| | 21 | 11.Оқу түрткісінің құрылымын диагностика-лау | | | | | | |
| | 11 | 12.Танымдық қызығушылық диагностикасы | | | | | | |
| | 21 | 13.Оқу түрткісінің көрсеткішін анықтау | | | | | | |
| | 17 | 14.Пәнге қызығушылық | | | | | | |
| | 11 | 15.Дифферен-циалды диагности-калық сауалнама | | | | | | |
| | 15 | 16.Тұлғалық сауалнамасы | | | | | | |
| | 2 | 17.Мектепте маған не ұнайды | | | | | | |
| | 10 | 18.Тұлға типтерін анықтау | | | | | | |
| | 7 | 19.Темперамент типін анықтау | | | | | | |
| | 2 | 20.Бастауыш мектеп оқушысының темпераментін бақылау әдісі | | | | | | |
| | 15 | 21.Зейінді бағалау | | | | | | |
| | 7 | 22.Жеткіншектің сыныппен қарым-қатынасын бағалау | | | | | | |
| | 11 | 23.Есту және көру арқылы есте сақтауын диагностикалау | | | | | | |
| | 6 | 24.Социометрия әдістемесі | | | | | | |
| | 15 | 25.Таным процесін (қабылдауын) анықтау | | | | | | |
| | 17 | 26.Қобалжуды, фрустрацияны, агрессивтілікті және ригидтілікті анықтау. | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 14 | 27.СБА әдістемесі | | | | | | |
| | 4 | 28.Бастауыш сынып оқушылары-ның орта буынға дайындығын диагностикалау | | | | | | |
| | 7 | 29.Мектеп алды тобына арналған диагностика | | | | | | |
| **Барлығы:** | | **29** | | | | **1** | | |
| **Ағарту** | 2 | 1.Мектепке не үшін барамыз? | 9 | 1.5-сынып оқушылары-ның ерекшелік-тері | 29 | 1.Орта білім беру ұйымдарын-дағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы бұйрық №377 25.082022ж таныстыру, сонымен қатар, аталған қағида бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу. | | |
| | 2 | 2.Кел, танысайық | 18 | 2.Жасөспірімдік кезеңдегі суицидтік әрекет себептері» баяндама | 7 | 2.5-сыныптағы бейімделу кезеңінің қиындықтары | | |
| | 2 | 3.Мені жақынырақ таны | 18 | 3.Жеткіншектер кезеңінде туындайтын қиындықтар | 29 | 3.Жасөспірімдік кезеңдегі суицидтік әрекет себептері | | |
| | 2 | 4.Менің досым-мектеп портфелі | 18 | 4.Эмоциялық шаршау- ретке келтіру | 3 | 4.1-ші сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі | | |
| | 2 | 5.Бірге жұмыс істеуге үйренеміз | 11 | 5.5- сынып оқушыларында кездесетін қиын жағдайлар | 7 | 5.Балада агрессияның көрінуі | | |
| | 2 | 6.Мектеп өмірінің ережесі | | | 12 | 6.Бастауыш сынып оқушыларының зейінін дамыту | | |
| | 2 | 7.Біздің сынып-бұл біз! | | | 24 | 7.Жасөспірім жастар жайлы ата- аналар не білу керек? | | |
| | 2 | 8.Алақай!Мен оқушымын | | | | | | |
| | 22 | 9.Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шаққа | | | 12 | 8.Бастауыш сынып оқушыларының қабылдау, ес, | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | арналған сенім телефоны. Диалог- әңгіме | | | | ойлау процестерінің ерекшеліктері | | |
| | 7 | 10.5-сынып дегеніміз не? | | | | | | |
| | 7 | 11.Орта мектептегі жаңа оқушы | | | | | | |
| | 7 | 12.Біз бір-бірімізді түсінеміз бе? | | | | | | |
| | 7 | 13.Өзіңді таны | | | | | | |
| | 7 | 14.Сезім әлемі | | | | | | |
| | 7 | 15.Біздің мұғалімдер | | | | | | |
| | 7 | 16.Дос іздеп жүрмін | | | | | | |
| | 22 | 17.Буллинг дегеніміз не? | | | | | | |
| | 22 | 18.Кибербуллинг дегеніміз не және ол неге қауіпті? | | | | | | |
| | 7 | 19.Біз және біздің сынып | | | | | | |
| | 3 | 20.Оқушылардың мінез- құлқын қоршаған ортаға бейімдеуге арналған тренинг-сабақтар 4- сабақ | | | 29 | 9.Жасөспірімнің «жауына» айналмас үшін онымен қарым-қатынасыңыз қандай болу керек? | | |
| | 14 | 21.Эссе «Өмірді сүйе білейік» | | | | | | |
| | 2 | 22.Бірінші сынып оқушысы болу қандай керемет | | | 29 | 10.Көмектесу үшін не істеуге болады? | | |
| | 22 | 23.Адамның жыныстық қол сұғылмаушылығы мен жыныстық бостандығына қарсы қылмыстар үшін қолданатын қылмыстық жауапкершіліктер туралы | | | 29 | 11.Бала қорқынышы | | |
| | 14 | 24.Пікірталас-жанжал емес | | | 29 | 12.Суицидтік мінез- құлықтың алдын алу | | |
| | 14 | 25.Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту | | | | | | |
| | 14 | 26.Мен өзімді мақтай аламын | | | | | | |
| | 14 | 27.Күйзелістен қалай құтылуға болады? | | | | | | |
| | 14 | 28.Реніштен арылу | | | | | | |
| | 14 | 29.Мен өмірді таңдаймын | | | | | | |
| | 14 | 30.Менің құқықтарым | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 14 | 31.Қиын жағдайлардан не үйренеміз? | | | | | | |
| | 14 | 32.Күйзеліс және оның алдын алу жолдары | | | | | | |
| | 7 | 33.ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай? | | | | | | |
| | 22 | 34.Ұл мен қыздың арасындағы достық қарым-қатынас | | | | | | |
| | 7 | 35.Емтихан кезінде стрестен қалай арыламыз? | | | | | | |
| | 4 | 36.Менің болашақ мамандығым | | | | | | |
| | 17 | 37.Жүктілік қуаныш немесе трагедия. Бізді қырыққабаттан тапқан жоқ | | | | | | |
| | 7 | 38.Емтихан кезінде стрессті жеңілдету | | | | | | |
| | 7 | 39.Емтиханға психологиялық әзірлену | | | | | | |
| | 4 | 40.Мамандық өмір таңдауы | | | | | | |
| | 7 | 41.Жүйке жүйесіне түсетін күштен психологиялық арылу әдісі | | | | | | |
| | 7 | 42.ҰБТ- ға психологиялық дайындық | | | | | | |
| | 15 | 43.Ашу- ыза билегенде не істеу керек? | | | | | | |
| | 7 | 44.Емтихандағы өз- өзіне сенімділік | | | | | | |
| | 34 | 45.Хабарласыңыз! Көмектесеміз! | | | | | | |
| **Барлығы:** | | **45** | | **5** | | **12** | | |
| **Кеңес беру** | 19 | 1.Жеткіншекке жаднама | 2 | 1.Баланың мектептегі оқуға психология-лық дайындығы | 2 | 1.Баланың мектептегі оқуға психология-лық дайындығы | | |
| | 7 | 2.Мектеп бітірушілерге емтихан тапсыруға дайындық бойынша ақыл-кеңестер | 5 | 2.Оқушының зейін ерекшелікте-рін дамыту | 18 | 2.Балалардың қорқыныш, үрей сезімінен арылту бойынша психология-лық кеңес | | |
| | 11 | 3.Жеке | 17 | 3.Оқушылар-ды | 12 | 3.Баланың зейін | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | психологиялық кәсіби кеңес беру картасы | | мазасыздану-дан арылту | | ерекшелікте-рін дамыту | | |
| | 11 | 4.Мамандық таңдаудағы негізгі мотивтер | 10 | 4.Оқушының қабылдау процесінің ерекшелікте-рін дамыту | 9 | 4.Баланың қабылдау,ес процесінің ерекшелікте-рін дамыту | | |
| | 7 | 5.Емтихан қарсаңында | 4 | 5.Оқушының ес процесінің ерекшеліктерін дамыту | 15 | 5.Ойлаудың логикалық формасын дамыту | | |
| | 14 | 6.Өз- өзінді қорғаудың 8-тәсілі | 4 | 6.Ойлаудың логикалық формасын дамыту | 11 | 6.Мамандық таңдау бойынша ата- аналарға арналған жаднама | | |
| | 7 | 7.ҰБТ- ға қатысу | 18 | 7.Баланың өзіне сенімділігін дамыту | | | | |
| | 11 | 8.Мамандық таңдаудағы ең кең тараған қателіктер | 18 | 8.Педагогтер-ге арналған 20 кеңес | | | | |
| | 11 | 9.Таңдалған шешімге жеті қадам | | | | | | |
| | 7 | 10.Мектеп бітірушіге тестке қатысты психологиялық кеңес | | | | | | |
| | 7 | 11.Емтиханға дайындықты дұрыс ұйымдастыру туралы психологиялық кеңес | | | | | | |
| | 7 | 12.Тестті сәтті орындау үшін не қажет | | | | | | |
| **Барлығы:** | | **12** | | **8** | | **6** | | |
| **Коррекция** | 2 | 1.Сөздер жұбы | | | | | | |
| | 2 | 2.«Не артық?» | | | | | | |
| | 2 | 3.Графикалық диктант | | | | | | |
| | 15 | 4.Қорқыныш сезімінен арылуға және өз- өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар. 1-4 сынып | | | | | | |
| | 19 | 5.Агрессияға қарсы жаттығулар | | | | | | |
| | 10 | 6.Арт- терапия жұмыстары | | | | | | |
| **Барлығы:** | | **6** | | | | | | |
| **Сараптама қызметі** | | **29** | | | | **1** | | |
| **Барлығы** | | **92** | | **13** | | **18** | | |

**Кеңес берудің жалпыланған талдауы**
(Өтініш білдірушілердің осы санаттары үшін консультациялар санын көрсету)

| Барлық өтініш білдіргендер | Оқу мәселелері | Отбасы мәселелері | Құрдастарымен қарым-қатынас мәселелері | Мінез-құлық мәселелері | Криминализациялануы.Зиянды әдеттер. Отбасынан, мектептен кету | Басқа |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Оқушылар | - | | | | | |
| Ұлдар | - | | | | | |
| Қыздар | - | | | | | |
| Педагогтар | - | | | | | |
| Ата-аналар | - | | | | | |
| Әкімшілік | - | | | | | |
| Барлығы | | | | | | |

**Түзету-дамыту жұмысын талдау.**
(Басымдық дегеніміз не? Психология бойынша курстар, сабақтар, факультативтер көрсету).

| № | Жұмыс түрі | Жұмыс формасы | Бағдарлама атауы, авторы | Сабақтың мақсаты | Қатысушыны жасы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Ойын | Дамыту сабағы | Дамыту ойындары | Дамыту ойындары арқылы балаларды мектепке дайындау. | 5- 6 |
| 2. | Жаттығулар мен ойындар | Дамыту сабағы | «1- сынып оқушыларына арналған психологиялық дамыту сабақтары» (психологиялық дамыту бағдарламасы) | Оқушының ақыл-ой қабілеттерін дамыту. | 6- 7 |

Педагог- психолог: Жумабаева М.А.